



Наименование области: город Нур-Султан

Наименование суда: Верховный Суд Республики  
Казахстан (Кассационная  
инстанция)

Отправитель: М Е Р Ж А Қ Ы П      Ә С Е Л  
АЛМАБЕКҚЫЗЫ

## ПИСЬМО

### АЛҒЫС ХАТ

Шығыс Қазақстан облысы мамандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы С. Жунуспекованың өндірісінде, «Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесін «Асусай мектеп-балабақша кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Қайрат Ракадылович Алибаевқа қатысты екінші және бірінші біліктілік санаттарын берудің заңдылығын анықтау үшін қысқа мерзімде сотқа жүгінуге ұсыныс беру туралы шешім қабылау туралы әкімшілік актісінің күшін жоюды. «Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесін «Асусай мектеп-балабақша кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Қайрат Ракадылович Алибаевқа қатысты екінші және бірінші біліктілік санаттылықтарын алып тастау туралы әкімшілік акті қабылдауды мәжбүрлеуге. Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесін «Асусай мектеп-балабақша кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Қайрат Ракадылович Алибаевқа қатысты жоғарғы біліктілік санаттылықты алып тастау туралы әкімшілік акті қабылдауды мәжбүрлеу туралы №6394-21-00-4/441 әкімшілік іс қаралып, тапапкердің өтінімі негізінде арыз қайтарылды. Рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтың теңдігі.

Әкімшілік органға алғашқы рет мемлекеттік тілде талаппен жүгінген едім...., әрине, осы уақытқа дейін мемлекеттік тілде нормативтік құқықтық актілерді былай алып қойғанда, тіпті мемлекеттік тілдегі ҚР Кодекстарының аударылымы заң талаптарына сай емес, заң саласында тілдің мәртебесі және де сот саласында қарқынды дамыт отырған жоқ. Тіпті жергілікті соттардың сот актілерінің өзі түсініспеушілікке әкеліп соғады, шындыққа тұра қарасақ, бірақ осындай қағидамен өмір сүрген мына менің санамды сот жүйесінің тұсы мен мәртебесі бір сатыға жоғарлады деп айтсам артық болмайды. Менің бағым ба, әлде осы соттардың құрамының мықтылығы негізге алынды ма, судья Салтанат Серікжанқызы Жунуспекованың өндірісінде әкімшілік іс қаралды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК РӘСІМДІК-ПРОЦЕСТІК КОДЕКСІнің қаралу тәртібіне қайран қаламын, судьяны тікелей іске қатысуында алатын орыны ерекше және өте күрделі. Негізі шындыққа тура қарасақ талапкердің бүкіл процессуалдық қызметін атқарып отырған

Подписал(а) МЕРЖАҚЫП ӘСЕЛ АЛМАБЕКҚЫЗЫ



Судья.

Әңгімелесу отырысы бірнеше сағатқа созылды. Әрине, 2018 жылдан бастап орын алған білім саласындағы заң бұзушылықтар нәрестесіне жетіп, тығырыққа тіреді, кері жол болмағандықтан бір бағыт ол СОТқа жүгіну болды.

Алдын-ала сот отырсынын үш рет тағайындалды, барлық құжаттар тексеріліп тараптарға ұсынылды, менің тарабымнан ұсынылған дәлелдеме жүзден астам паракты құрады..., әрине сот кеңесу бөлмесінде мүмкін бағасын берер еді, бірақ ШҚО білім басқармасы әкімшілік актінің мәтіні мен негізі, сонымен қатар жолданылған жауап ҚР ӘРПК нормаларына тікелей қайшылықта екенін судьяның түсініктеме жұмыстарынан кейін, Құзырлы орган түсінген көрінеді.

Сонымен:

- Білім басқармасы, алдыңғы шығарған актісін кері қайтарып алып күшін жойды .
- Талапкерлердің жағдайын жақсартатын, қолайлы жауап жолданылды.
- Талапкерлер ҚР ӘРПК 138-бабының 2 тармағының, 6-тармақшасына сәйкес, әкімшілік арыз кері қайтарылды.

Осы уақытқа дейін мемлекеттік органдар Шешім, әкімшілік актінің қабылдай алмауы қарапайым халықты соттың қабырғасына дейін жеткізді, өкінішті.

ҚР ҚР Білім және ғылым министрлігі біліктілікті санаттылықты артыру барысында орын алып отырған мына жағдай нормативтік құқықтық актілердің толықтырылмағаны, сонымен қатар біліктілік санаттылығын алу барысындағы заңға қайшы әрекеттер орын алған уақыттағы қолданысқа ие нормалар мүлдем жоқ екенін білдім. Тек 5 жылда бір рет біліктілік санаттылық қайта қорғау міндеті, ал санаттылық заңсыз алынған жағдай анықталса, қандай құқықтық нормалар қолданысқа алыну керек?! Егер ондай нормалар қарастырылмаса.

Білікті судья, өз ісінің маманы Салтанат Серікжанқызына менің тарабымнан алғыс айтуыңызды сұраймын. Қабілетті де, білікті маман иесі кәсіби деңгейдің жоғарлығын, біліктілігінің көрсете ғана қоймай, түсініктеме жұмыстарының нәтижесінде құзырлы орган өз қателігін мойындады. Салтанат Серікжанқызы Жунуспекова сізге алғыс білдіре отырып, еңбегіңізге табыс, деніңізбен, тәніңізге саулық, еңбегіңізге жетістік, отбасыңызға береке берсін дегім келеді. Мантия мен әділдік туын паш ете білген сот саласының мамандары қоғамға ауадай керек. Ешбір азамат сотқа жетіскенен бармайды, әділдік іздеудің жолын таңдап отыр. Сол әділдік жолында Сіздей судьялар көп болса, Сот жүйесі алға басады деп ойлаймын!!!!

ЖОҒАРҒЫ СОТ

ТӨРЕЛІК

ИЗГІ ТІЛЕКПЕН

Асел Алмабекқызы Мержақып

#### Перечень прилагаемых документов:

Подписал(а) МЕРЖАҚЫП ӨСЕЛ АЛМАБЕКҚЫЗЫ

